2022 – 2023 оқу жылындағы
директор жанындағы кеңестің
Хаттамасы № 1

Күні : 02. 09. 2022 ж.

Қатысқандар:
Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі оқу – тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы;
2. Мұғалімдерді аттестаттау және қайта аттестаттаудан өткізу жөніндегі жұмыстардың барысы. Шығармашылық топ, жоспарын талдау, құрамын бекіту;
3. Тілдер апталығы;
4. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің онкүндігі;
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің директоры А. А. Сарманова сөз алып 2022 - 2023 оқу жылында мектебімізде 5 - 8 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында мұғалімдер әртүрлі тиімді әдістер мен қосымша сабақтар жүргізе отырып, оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, алған білімдерін өмірде пайдалана алу дағдыларын дамыту үшін жұмыстар жасау керектігін айтып өтті. ҚМЖ, ҚТЖ дұрыс жазып, ондағы әдіс – тәсілдерді сабақта қолданылуын тексеру мақсатында арнайы бақылау болатындығы айтылды. Мектептің білім сапасын, оқушылардың біліктілігін көтеру мақсатында барлық сыныпта бір – екі сабақтан „4" немесе „3" шыққан оқушылармен пән мұғалімдері, сынып жетекшілері мен ата – аналар мен тығыз байланыс жасау керектігін айтты. Оқушылардың сабаққа қатысуын, әрдайым мектеп формасында жүруін қадағалап, тексеру тапсырылды. Оқу процесін ұйымдастыруда 2022 - 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынды. Мектеп компоненті (қолданбалы курстар) оқушылардың пәндерді оқытуда қызығушылығын тары мен жан – жақты интеллекті мен дүниетанымын

арттыру көзделіп, мектептің жоғарғы сатысы бағдарлы оқытудың құрамына кіріп, оқушылардың таңдауы бойынша жүргізілді, жоспарлары жасалынып, әкімшілік тарапынан тексеріліп, жүйелі жүргізілуі қадағалауға алынды. Оқу жылында жоспар бойынша 16 сағатпен тарификация бекітілді. Факультатив, үйірме сабақтары да берілді. Оқу жылының басында мұғалімдердің апталық жүктемесі бойынша тұрақты сабақ кестесі жасалынып, барлық сабақ бекітілген сабақ кестесі бойынша жүргізілді. Қолданбалы және таңдау курстарының күнделіктің жүргізілуі, БЖБ, ТЖБ уақытылы алынуы, бақылау жұмыстарының қойылуы айына, тексеріліп, кемшіліктер ескертіліп, дер кезінде түзетілді. Жоспар бойынша пәндердің жүргізілуі тексеріліп, нәтижесі қаралып ұсыныстар айтылды. 2022-2023 оқу жылында мектебімізде үйден оқытылатын оқушылар есепте жоқ. Білім бөлімі бұйрықтары негізінде қабылданып, мектеп бұйрығы, сабақ кестесі дер кезінде жасалып, мұғалімдер уақытылы сабақтарына барып тұрды. Оқу жылы басынан қазан айының соңына дейін оқушылардың ата-аналарынан түскен шағымдар бойынша біршама жұмыстар жасалды.

2. Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары У.Б. Садырова сөз алып, мектептегі мұғалімдердің жалпы жұмыс жайы, мұғалімдердің аттестациядан өтуі туралы айтып, өтті. Сабақтың өту барысы мен әдіс-тәсілдерге, тоқталып кетті. Мектепте 2022-2023 оқу жылының басынан жалпы 40 мұғалім қызмет жасап жатыр. 2022-2023 оқу жылында педагог қызметкерлерді аттестаттау іс-шаралар жоспары бекітіліп, педагог қызметкерлерді атестаттау үшін атестаттау комиссиясының құрамы бекітілген болатын. Оқушының сапалы білім алуы - мұғалімнің кәсіптік шеберлігіне байланысты екенін ескерсек, мұғалімдердің заман талабына сай болуы керек екендігін көрсетеді. Осы орайда мектебіміздің мұғалімдері жоспарға сәйкес 7 мұғалім қайта (аттестациялаудан өтіп, 3-еуі мұғалімдік бастапқы аттестациядан өтті. Тоқсан бойы аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің сабағына қатысып бақыланды. Барлық мұғалімдер өздерінің мамандықтары бойынша сабақ берді. Әр мұғалімнің технологиялық шығармашылығын ұйымдастыру мақсатында, әдістемелік шеберлігін арттыру үшін өз беттерінше ізденуді тапсырды. Сондай-ақ мектебімізде біршама шығармашылықты арттыруға көмектесетін „Шахмат" үйірмесі бойынша, „Тоғыз-құмалақ" үйірмесі бойынша, „Сахналық іс-әрекет" үйірмесі бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мамасерипов А.А., Әбдісадық А.П., үйірме жұмыс жоспарларымен таныстырып, бекітті. Көзге түскен кемшіліктер бойынша жұмыс жасау тапсырылды.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.А. Медетбекова сөз алып, ҚР халықтарының тілдері күніне орай МАББ келген бұйрыққа сәйкес, онкүндікке арналған жоспар құрылып, атқарылған жұмыстар тізіміне тоқталып өтті. Апталыққа 19-23 қыркүйек аралығында ҚР тілдер күні мерекесіне арналған "Үш тілділік – заман талабы" атты тілдер апталығы өтті. Бұл апталықта іс-шаралар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілді. Аталмыш апталық аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары ҚР тұратын барша халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты. Дүйсенбі күні апталықтың ашылу салтанаты болды. Салтанатты жиын ҚР Мемлекеттік әнұранымен ашылды. Жиында сөз алған мектеп директоры тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі мәртебелі де, тұрақты болып, өрістеп дамуына үлес қосу жас-жеткіншектердің жауапкершілігінде болатын міндет екендігіне тоқталып, ана тіліміздің мерейлі мерекесімен құттықтады. Шараны пән мұғалімдері дайындаған оқушылардың үш тілдегі әдеби монтажы жалғастырды. Онкүндік барысында мектебіміздің 2-қабатының дәлізінде кітап бұрышының лентасы қиылды. Ұстаздар қауымының басты міндеті – шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру. Осы мақсатта қазақ тілі пәнінің мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өтті. Тіл апталығының қорытындысы шығарылып, оқушылар сыйлықтармен, мақтау қағаздарымен марапатталды.

4. 2022 жылғы қазан айының 16-21 жүлдызы аралығында мектебімізде қазақ тілі мен әдебиеті апталығы өтті. Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы, үздіксіз сипатта болады. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әр түрлі тәрбиелік жұмыстармен ұштасады. Сол себепті биылғы оқу жылында апталықта бірнеше сыныптан тыс іс-шаралар жоспарланды. Барлық өткізілген іс-шараларға оқушылар жауапкершілікпен белсенді түрде қатысты. Апталықтың ашылу салтанаты бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілінің даму тарихына шолуынан басталып, мұғалімдеріміздің тамаша ұлттық рухты көтеретін әнімен жалғасты. Апталықтың келесі күні 6-сынып оқушыларының арасында „Ұлы дала ұрпағы" атты тапқырлық сайыс өтті. Оқушылар іс-шара барысында

елімізідің әр аймағымен жақын танысып, көп ақпарат алды. Сонымен бірге әдебиет пәнінен сұрақтарға жауап берді. Әр аймақтың белгілі ақындарының шығармаларын орындап, өнерлерін көрсетті. Оқушылардың ақындық шығармашылығын шыңдау мақсатында "Ақ қауырсын" сайысы ұйымдастырылды. Оқушылар өлең ұйқастарын жалғастырып, ақындық қабілеттерін көрсете білді. 7-сынып оқушыларымен мәнерлеп оқу қабілетін анықтау, өз шығармашылығын көпшілікке таныту мақсатында түрлі сайыстар, кештер ұйымдастырылды. 7-сынып оқушыларымен "Қайсар рухты қаламгерлер тағылымы" әдеби танымдық кеш өтті. Оқушылар өздерінің арнауларын оқып, ақындарымыздың шығармашылығынан үзінділер оқыды. Шара соңында белсене қатысқан оқушыларға мақтау қағаздары берілді. Апталықтың қорытындысы бойынша оқушылар мадақтама грамотасымен марапатталды. Әдістемелік бірлестікте нәтиже талқыланып, ұсыныстар айтылды. Алдағы уақытта әдеби-танымдық іс-шараларды ұйымдастыруда барлық сынып оқушыларын қатыстыруды, көпшілік алдына көп шыға бермейтін оқушыларды қатыстыру, оқушылардың ақындық, шығармашылық қабілеттерін дамыту жоспарланды.

5. Мектебімізде сенім жәшігін іске қосу керектігі туралы айтылды. Егерде қиын мәселелер, зорлық-зомбылық, әлімжеттік сияқты келеңсіз мәселелердің куәсі болып жатса, осы сенім жәшігі арқылы хабарлауға болатыны айтылды. Жиналыс соңында төмендегідей қаулы қабылданды.

Қабылданған қаулы:

1. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Алдағы тоқсандардағы жұмыс барысын бақылау Ч. Б. Садироваға тапсырылсын.
3. Мұғалімдерді аттестаттау және қайта аттестаттаудан өткізу жөніндегі жұмыстардың барысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. Тілдер апталығы өтті деп есептелсін.
5. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің онкүндігі қанағаттанарлық түрде өткізілді деп есептелсін.

Төрайым: М. А. Сапманова

Хатшы: А. Т. Әбдісадық.

2022 – 2023 оқу жылындағы
директор жанындағы кеңестің
хаттамасы № 2

Күні: 21.10.2022

Қатысқандар: 10
қатыспағандар: 2.

Күн тәртібінде:

1. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің
онкүндігі
2. Жалпы үйірме жұмыстарының жүргізілуі.
3. Жас мамандармен жұмыстың ұйымдасты-
рылуы мен жүргізілуі.
4. Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан
балаларына көмек көрсету. Тегін ыстық
тамақтанатын жалпыға міндетті оқыту
қорынан көмек берілетін оқушылардың есебі.
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. 2022 жылғы 3–14 қазан аралығында орыс тілі
мен әдебиеті пәні бірлестігінің Онкүндігі
„Это сладкое слово – Свобода" тақырыбында
өтті. Онкүндіктің мақсаты – оқушылардың
орыс тілінде деген қызығушылықтарын арттыру.
Онкүндікте жоспарланған іс-шаралар (бойынша)
жоспар бойынша жүргізілді. Онкүндіктің
алғашқы мектептегі ең үздік жетістіктері бар
оқушылардың таныстыру, олардың жетістіктерін
үлгі тұту мақсатында болды. Онкүндік аясында
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 31 жыл-
толуына байланысты эссе байқауы, қабырға
газеті, мәнерлеп оқу және 7-сыныптар арасында
таңымдылық сайысы өткізілді. Онкүндік қорытындысы
бойынша үздік танылған оқушылар марапатталды.
Апталық мектеп қабырғасын безендіруден басталды.
Салтанатты жиынның ашылуын мектеп директоры
А.А. Сарманова ашып берсе, апталықтың жоспарымен
бірлестік жетекшісі Ш.С. Әбдулдаева таныстырды.
Орыс тілі мен әдебиетіне деген қызығушылықты
арттыру мақсатында 5–8 сыныптарға „Абай және
Пушкин" атты әдеби-танымдық бағдарлама өткізілді.
Шәкірттеріміз бен ұстаздар орыс халқының әдет-ғұрпын та-
рын сахналап, орыс халқының билерін биледі. Мұнан
өзге „Звездный час" ойынын жоғары деңгейде
көрсете білді. Апта бойы бастауыш сынып оқушы-
лары үшін орыс ертегілеріне байланысты көркем

сурет салысы, „Қос" мезгіліне байланысты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Апталықтың соңғы күні мерекелік қорытынды жиын өтті. Пән мұғалімдері сыныптарға жоспарлы ашық сабақтар өтіп, өте жақсы деген бағаға ие болды. Осы апталықта жақсы білімімен, өнерімен, алғырлығымен көзге түскен 6-7-сынып оқушылары Кудаярова Көркем мен Аязбек Балым, Абылай Бөлеғанай мен Хасан Аялымға мектепішілік марапаттар табыс етілді. Онкүндік апталықтың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан орыс тілі мен әдебиеті пәнінің ұстаздары Абдуллаева Мөлдір Сапаровна, Жаппарова Гүлжанат Абдуллаевналарға алғыс білдірілді. Оқушылар апталық соңында белсенділігі үшін, ізденімпаз, дарынды, талантты, зерек, шығармашыл сынды номинациялары бойынша марапатталды. Оқушыларға грамота мен мақтау қағаздарымен бірге кітаптар табыс етілді. Апталық шеңберінде өткен ең ауқымды шараның бірі - кітап бұрышының ашылуы.

2. Жалпы үйірме жұмыстарының жүргізілуі. Мекемедегі мектептен тыс тәрбиелеу мен оқытудың негізгі формасы үйірме сабақтары, студиялар, шеберханалар, клубтар болып табылады. Үйірме сабақтары мекеменің мүмкіншілік тері есебінен Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі құрастырған оқу-тәрбие бағдарламасы бойынша өткізіледі. Кейбір кездерде мекемеде қызметтің кейбір бағыттары бекітілген тәртіппен және педагогикалық кеңеспен мақұлданған педагогикалық, шығармашылық, ғылыми қызметкерлердің, үйірме жетекшілері дайындаған авторлық бағдарламалар да болады. Үйірме жұмыстары оқу жылының басында бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Демалыс (каникул) кезінде үйірме жұмысы өзгертілген кесте, сонымен қатар оқушылардың жаңа құрамының өзгеруіне байланысты өткізіледі. Жұмыс, лагерь жиналыстары, саяхат, жорыққа шығу, жарыс түрінде өткізілуі мүмкін. Әр оқушы өзіне ұнайтын үйірмеге қатысуға құқылы екенін ескерсек, мектебімізде әр бағыттағы үйірмелер бойынша (әр түрлі) 50-ден астам оқушы айналысуда. Мектептен тыс тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік мекемелерінде оқыту тегін. Бір жылдық бағдарлама бойынша білім алатын үйірменің сандық құрамына тоқталсақ: „Шахмат" үйірмесіне 20 оқушы, „Тоғызқұмалақ" үйірмесіне 20 оқушы, „Сахналық ізденіс" үйірмесіне 20 оқушы тіркеліп, бекітілді. Үйірмелерге кейбір жағдайларда арнайы құрастырылған бағдарлама бойынша мектепке дейінгі жастағы балалар да қатысты. Үйірме жұмысының жалпы сипаттамасы:

төмендегіше: үйірме жұмысының жетекшісінің дайындығы, сабақтың тәрбиелік сыпаты, оқушыларда еңбекке баулу, оқыту үшін пайдаланылатын әдіс-тәсілдер тексерілді. Оқушыларды жүйелі түрде бақылау жүргізілді.

3. Үшінші мәселе бойынша мектебімізде жас мамандарға қолдау көрсету мақсатында жасалған жұмыстарға тоқталып өтті. Жас мамандардың алдына қойған мақсаты шәкірттердің оқуға деген ынтасын арттырып, білімді, ізденімпаз, талантты азамат етіп тәрбиелеу. Сондай-ақ ұстаз деген қазіргі заман талабына сай болуы үшін біршама жұмыстар жүргізілді. Мектепке келген жас мамандар алдымен мектеппен, ұжыммен танысады. Тәлімгер-жетекшілер тағайындалып, жылдық жоспар бойынша жұмыс жасайды. Жас маманның өзінің және тәлімгер-жетекшісінің жоспары жасақталды. Мұғалім портфолиосын жасауға, күнтізбелік және сабақ жоспарын және өзіндік білім сапасын көтеру жоспарларын жасауға жетекшілер бағыт береді. Іс-қағаздар, журнал толтыруға әдістемелік және жетекшілік көмек берілді. Мемлекеттік бағдарламалардың ережелерімен танысып, модификацияланған кабинеттерде жұмыс жасау, электронды журнал, электронды оқулықтармен жұмыс жүргізу туралы таныстырылып өтті. Сонымен қоса, жас мамандарды сабақтарға сараптама жасауға үйретті. Тоқсан сайын сауалнамалар жүргізіп, қиындық келтіріп жүрген мәселелері бойынша өзара пікірлесіп, шешімін табу көзделіп отыр. Жас мамандармен өтетін отырыстарда баяндамалар жасатып, заман талабына сай оқытудың қандай тиімді тәсілдерін қолдану керектігі үйретілді.

4. Төртінші мәселе бойынша қазіргі таңда мектебімізде жас өспірімдерге, олардың әлеуметтік жағдайын көтеру, материалдық көмек көрсету, әлеуметтік қолдау мақсатында әлеуметтік педагог маманы қызмет атқарып жатыр. Социумның „әлеуметтік диагнозын" қою барысында оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, олардың қабілетін, қызығушылығын зерттеп, сол жайында айтып өтті. Мектебіміздің психологы Исахова Жанар Нұрдулла-қызы оқушылар арасындағы әлеуметтік жағдайды қарастырып, жоспар түзіп шықты. Алдағы уақытта осы бағытта жасалатын жоспарларының уақыты нақтыланып, іс-шаралар атауы белгіленді. Аз қамсыздандырылған отбасы балаларына үкімет, ұжым тарапынан әрдайым қолдау көрсету мақсатында мектебімізде тегін ыстық тамақтанатын жалпыға міндетті оқыту қорынан көмек берілетін оқушылардың тізімі нақтыланып, бекітілді. Осы бойынша

350-ге жуық оқушы аталмыш тізімге еніп отыр. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 31-бап, 2-тармақ, 7-тармақшасындағы, ҚР жергілікті мемлекеттік басқару туралы Заңының 31-бап, 14-19-тармақтарын басшылыққа ала отырып, ақысыз ыстық тамақпен қамтамасыздандырылды. Мектеп асханасында ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылып, асхана жұмысын бақылау жауапкершілігі жүктелген мектеп қызметкері бұйрықпен тағайындалды, таныстырылды.

5. Әр түрлі мәселелер бойынша мектептің сабаққа үлгерімі, тәртібі жөнінде сөздер айтылды. „Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері" негіздері туралы баяндама оқып, балаларға көмек көрсету жолдары талқыланды.

Қабылданған қаулы:

1. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің онкүндігі қанағаттанарлық дәрежеде өтті деп есептелсін.
2. Жалпы үйірме жұмыстарының жүргізілуі қанағаттанарлық деп есептелсін. Үйірме жұмыстарын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Медетбекова Әсем Ақтайқызына жүктелсін.
3. Жас мамандармен жұмыстың жүргізілуі мен ұйымдастырылуы қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.
4. Әлеуметтік мәртебеге ие отбасының балаларына көмек көрсету жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін. Тегін ыстық тамақтанатын жалпыға міндетті оқыту қорынан көмек берілетін оқушылардың есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Төрайым: А. А. Сарманова

Хатшы: Д. П. Әбдісадық.

2022 - 2023 оқу жылындағы
директор жанындағы кеңестің
хаттамасы № 3

Күні: 25.11.2022

қатысқандары 9
қатыспағандар: 3.

Күн тәртібінде:

1. Математика пәні бірлестігінің онкүндігі
2. Үйде оқытылатын және инклюзивті білім алатын оқушылардың оқыту жағдайы.
3. Жасөспірімдер арасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің математика пәні мұғалімі, әдістемелік бірлестік жетекшісі Тампова Гүлмира Кушановна 2022 жылғы 14 - 25 қараша аралығында өткен „Математикалық логика" атты онкүндікке жасалған жұмыстармен таныстырып өтті. Оқушылардың таным.дық қабілеттерін қалыптастыруда жаңа технологияларды, әдіс - тәсілдерді пайдаланудың орны ерекше. Онкүндіктің ашылуы 14 (желтоқсан) қараша күні бірлестік мүшелерінің қатысуымен өткізілген дөңгелек үстелмен басталды. Бірлестіктің жұмыс жоспарының орындалуы және құжаттары пән мұғалімдерінің жеке іс-қағаздары, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының талапқа сай орындалуы тексерілді. Сонымен қатар білім алушылардың жұмыс дәптерлері және 7 - 8 - сыныптардың жазба жұмыстары. Оқу бағдарламасына сай орындалуын тексерді. Электронды журналға толтырылуы, сәйкестігі қаралды. 15 (жел) қараша күні акт залында математика пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, логикалық ойлауын кеңейту, өз ана тілінде еркін сөйлеп, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында „Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ" тақырыбында логикалық сұрақтар сайысы өтті. Сайыс барысында Оқушылар математика пәнінен келген сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін сынап көрді. 16 желтоқсан күні Оқушылар арасында „Тапқырлар сайысы" ұйымдастырылды. Сайыста кезеңдер бойынша білім алушылар берілген тапсырмаларды белсенді орындап, сабаққа

деген ынтасы мен аса жоғары қызығушылығын көрсетті. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізді. Әр кезең сайын белсенді білім алушылар бағаланды. Нәтижесінде білім алушылар өз білімін өзгелермен салыстыра отырып, өздерін қай деңгейде екенін дәлелдеді. Онкүндікке бірлестіктің барлық мұғалімдері белсене қатысты. Қорытындысы Отырыс директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары У.Б. Садырованың қатысуымен өтті. Онкүндіктің жұмысы бағаланды.

2. Үйде оқытылатын және инклюзивті білім алатын оқушылардың оқытылу жағдайына келер болсақ, мектебімізде үйде оқытылатын және инклюзивті білім алатын оқушылар жоқ. Оқытуды ұйымдастыру мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі, оқытудың орны мен уақытының ерекшеліктері, оқушылар саны, оқытудың мақсаттары, құралдары мазмұны, әдістері мен нәтижелері жағынан тұтас жүйелі сипаттамасын көрсетеді. Қалауына қарамастан денсаулық жағдайына байланысты қалыпты білім беретін мектепке бара алмайтын балалар жағдайда, бұл балаларды жалпы білім беру процесіне қосудың басқа жолдары қарастырылады. Осындай жағдайлардың көбісінде дене жағынан ауыртпалықсыз және психологиялық жағынан жайлы оқыту ортасы мен әрбір баланы оқыту үшін жеке ыңғай жасау қажет. Осы орайда балаларды білім беру процесіне қосудың бір жолы ретіндегі "үйде оқыту" зерттеушілердің үнемі назарын аударатын объект болған.

3. Үшінші мәселе бойынша мектебімізде бірнеше іс-шаралар өтті, жұмыстар атқарылды. Қай заманда болсын халықтың алдында тұрған міндеттердің бірі – есті, еңбексүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеу. Әр халықтың өзінің ұрпағы ақылды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ер жүрек ар-ожданы мол болып өссін деп армандайтын. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау, яғни суицид қоғамда белең алып отыр. Осы мәселені шешуде ата-аналар, мұғалімдер, құрбы-құрдастары бірігіп жұмыс жасау арқылы суицидалды іс-әрекеттерді болдырмаудың алдын алу іс-шараларын жүргізу қажет болды. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр. Мұндай мінез-құлық жасөспірім шақта 13 жастан бастап байқалады. Статистика бойынша суицидтік мінез құлық 14-28 жас аралығында 35 пайыз, жасөспірім шақта 6-10 пайызды құрайды. Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен

дені сау адамдар болып табылады. Осындай келеңсіз жағдайлар жасөспірімдерді қылмысқа тартады, оның ішінде өз-өзіне қол жұмсау жиі кездеседі. Мектебімізде соңғы жылдары келеңсіз жағдайлар болған жоқ. Бірақ келеңсіз жағдайлардың алдын-алу мақсатында 5-8-сыныптар мен қаланың ІІД қызметкерімен кездесулер өткізілді. Оқу жылы басынан бастап ата-аналармен бірнеше рет кездесулер өтті. Кездесу барысында ата-аналар өздерін мазалаған сұрақтарға жауап алды. Сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға, мектеп формасын сақтап, сабаққа қажетті оқу-құралдарды толық әкелуі қадағаланады.

4. Күн тәртібіндегі кезекті мәселе бойынша мектебіміздің психологы Исахова Ж. Н. балалардың қазіргі психологиялық жағдайларға тоқталып өтті. Мінез-құлық ережеден ауытқыған психикалық саулық пен психикалық жетілуінің нәтижесі екендігін айтып өтті. Әлеуметтік факторлардың жасөспірімдерге тигізер әсері мол екендігін де тілге тиек етті. Қазіргі таңда ата-ана мен баланың арасындағы байланыстың жоқтығы немесе оның аз ғана, формальды түрде ғана көрінуі, қолдаудың жоқтығы, қауіпсіздікті сезінбеуі секілді факторлар бала мінез-құлқындағы күрт өзгерістерге әкеп соғып жатқандығына тоқталды.

Қабылданған қаулы:

1. Математика пәні бірлестігінің онкүндігі қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.

2. Жасөспірімдер арасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша жасалған жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін.

3. Балалардың психикалық жағдайын мектеп психологы Ж. Н. Исахова бақылауында ұстасын.

Төрайым — А. А. Сарманова.

Хатшы — А. Б. Әдісадық.

2022 - 2023 оқу жылындағы
директор жанындағы кеңестің
хаттамасы № 4

Күні: 23.12.2022

Қатысқандар: 13
Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде:

1. Тарих - география пәндері бірлестігінің онкүндігі
2. Оқуға құштар мектеп жобасының жүргізілу барысы.
3. 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен психологиялық жағдайы.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің жаратылыстану пәндерінің бірлестік жетекшісі Тампова Гулмира Кушановна 2022 - 2023 жылғы 03 - 13 - желтоқсан аралығында өткен "Тарих - өткенге сабақ" атты тарих - география пәндері бірлестігінің онкүндігінде жасалған жұмыстарды таныстырып өтті. Өткен тарихымыздағы халқымыздың кешкен қиындықтары мен бейбіт күн үшін күрескен ерліктері мен еңбектерін бүгінгі ұрпаққа жеткізуде, олардың саналы азамат болып өсуіне үлес қосуда осындай онкүндіктің алар орны ерекше екендігін ұғынамыз.
Онкүндіктің оқушыларға ел тарихын танып білуде тарихи тұлғалардың қоғамдағы қызметтерімен үлгі алу, өзіндік ой - пікір қалыптастыруда берер көмегі бар.
Онкүндіктің бірінші күні ашылу салтанатында онкүндік барысында өткізілген іс - шараларды таныстырып өтті, мақсатын айтып, күтілетін нәтижелер жайлы тілге тиек етті.
Онкүндік барысында ашық сабақтар, сыныптан тыс ашық сайыстары ұйымдастырылды. Оқушылардың тарихи танымын, пәнге деген қызығушылығын, білімдерін арттыру мақсатында өткен ашық сабақтар ерекше жаңашылдықпен, үлкен талпыныспен өткізіліп, оң бағасын алды. Пән мұғалімдерінің іздені тек ашық сабақтармен ғана шектелмей,

сыныптан тыс шаралар да үлкен дәрежеде өткізілді. Атап айтсақ, „XXI ғасыр көшбасшысы" атты сыныптан тыс пәндік шаралары оқушылардың жан-жақты қырларын ашып, мұғалімдердің зеректігі мен алғырлығын, білімін көрсетіп, дайындықтары шыңдалды. Сайыста 6 „А" сынып оқушылары бірінші орынға ие болды. Белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

Тарих пәні мұғалімі Ермибетов Жағайбек „Моңғол шапқыншылығының тарихи салдары" тақырыбында 6 „Ә" сыныбымен ашық сабақ өткізді.

Онкүндікте барлық іс-шара жоғарғы әдістемелік дайындықпен өткізді. „Бүгінгі күнер тең тарих" ұранымен іс-шаралар өз жалғасын тауып отырды.

„Ғылымның дамуы" тақырыбында тарих-география пәндері онкүндігінің жабылу іс-шарасы өткізілді. Іс-шара барысында әдістемелік бірлестік жетекшісі жоспарға сәйкес өткізілген ұстаздардың ашық сабақтарының ұтымды тұстарын атап, қысқаша есеп беріп өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы сөз алып, оқу мәртебесі, оқу белсенділігі жайлы айтып өтті. Оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында жасалған жобаның оқушыларға берер әлеуеті туралы түсіндірді. Ақпараттық ортада оқудың алға басуы үшін балаларға қолжетімді, пайдалы және қажетті әдебиеттер тауып, кітап мәдениеті, оқу құндылығы туралы пікір қалыптастыру, кітап оқитын, әдебиетті танитын, кітапханаға баратын оқушылардың көбейту мақсатын ұстанды.

Құрама штат ғалымдарының зерттеуі кітап оқудың ерекше жемісі жайында қызықты деректерді келтірді. Зерттеуге сәйкес кітаппен дос болу адам баласының ми, ойлау жүйесінің белсенділігін арттырып қана қоймай, оның өмір жасының ұзақ болуына да септігін тигізетін көрінеді.

Күн сайын мектепке келген оқушыға 40 минуттай кітап оқыту дәстүрі қолға алынған. Желтоқсан айының 13 күні Бауыржан Момышұлының „Ұшқан ұя" атты шығармасын оқудан жарыс болды. Жарыстың шарттары бір айда кітапты оқып бітіріп, ай соңында тест тапсыру болатын. Оқушылар оқыған шығармасы бойынша

тест тапсырып, қаншалықты меңгергенін көрсетті. Жақсы нәтиже көрсеткен оқушыларымыз сыйлықпен марапатталды.

Одан бөлек мектебімізде Шоқан Уалихановтың туған күніне орай "Аққан жұлдыз" атты кітап көрмесі мен шолу болып өтті. Қазақ халқының ұлы ғалымының өмірі, өмір сүрген ортасы, ғылымға қосқан үлесі жайлы құнды мағлұматтар айтылды.

"Туғасы тұнған тәлім" атты қазақ елінің батырлары жайлы кітапханалық сабақ ұйымдастырылды.

Мұқағали Мақатаевқа арналған "Есіңе мені алғайсың" атты әдеби-сазды кеш өткізілді.

"Тарихқа таңба қалдырған тұңғыш қазақ қыздары" тақырыбында танымдық сабақ болып өтті.

"Бір отбасы - бір кітап" акциясы бойынша кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды.

Жоғарыда атап өткендей мектеп кітапханасының Қожақұлова Ақбота Нұржанқызы болашақты жоспарларымен де бөлісті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Бердикулова Шамша Смайловна сөз алды. Ол өз баяндамасында қазіргі заманда 6 жасар балаларды мектепке оқуға дайындаудың өте өзекті мәселе екенін атап өтті. Жас бүлдіршіннің мектепке алғаш келуі - балаға да және оның ата-анасына да өте жауапкершілікті кезең екендігін тілге тиек етіп, өз баяндамасын жалғастырды. Биылғы 2022-2023 жылғы мәліметтерге де тоқталды. Оқу жылының басында бірінші сыныптарға бала оқуға қабылданды. Соның ішінде ұл, қыз балалар. Оқушылардың басым бөлігі осы мектептің оқушылары болғандықтан олармен тіл табысу қиын болған жоқ. Бірақ оқушылар мектепке әр түрлі деңгейдегі дайындықпен келген. Көп оқушы үшін мектепке, тәртібі мен талаптарына, мұғалімдерге бейімделу кішкене көбірек уақытты алды. Өйткені таныс емес мұғалім, оқушылар және жаңа орта. Әдетте мектепке бейімделудің төрт деңгейі болады. Жоғары, орта, төмен және өте төмен. Мектеп психологының зерттеулері де осы аталған фактілерге дәлел болды. Екінші болып мектебіміздің психолог маманы Исахова Ж[illegible] [illegible]ы, өзінің зерттеулерімен бөлісті.

4. Төртінші мәселе бойынша мектептегі ішкі тәртіпті сақтауы, мектеп мүлкіне зақым келтірген оқушы жауапқа тартылады. Мектеп мүлкін оқушының ата-анасы қалпына келтіру міндетті екендігі ескертілді. Білім беру ұйымдарындағы құқықбұзушылықтың алдын алуда оқушылардың мектепке смартфондарды әкелмеу, қолданбау туралы ішкі тәртіп ережесіне сай, Әрбір ата-ана осы айтылған ережелерді бұлжытпай орындау керектігі айтылды.

Қабылданған қаулы:

1. Тарих-география пәндері бірлестігінің онкүндігі қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.
2. Оқуға құштар мектеп жобасының жүргізілуі бұдан әрі де қадағалансын.
3. 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен психологиялық жағдайы тұрақты деп есептелсін.
4. Мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу, мектепішілік ішкі тәртіпті бақылау күшейтілсін.

Төрайым А. А. Сарманова

Хатшы А. П. Әбдісадық

2022 - 2023 оқу жылындағы
директор жанындағы кеңестің
хаттамасы № 5.

Күні: 27.01.2023

Қатысқандар:
Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. „Kundelik.kz" электронды журналының жүргізілу барысы
2-4- сыныптар;
5-7 - сыныптар;
8-11 - сыныптар.
2. Бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігі.
Биология - химия пәндері бірлестігінің онкүндігі.
3. Мұғалімдерді аттестаттаудан және қайта аттестаттаудан өткізу жөніндегі жұмыстардың барысы мұғалімдердің тізімін жинақтау.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1 Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің информатика пәнінің мұғалімдері және желілік әкімші сөз алып „Kundelik.kz электронды журналының жүргізілу барысымен таныстырды. Күнделік жүйесінің жұмыс жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық нормативтік базасына негіздеме отырып әзірленді. 2022 - 2023 оқу жылындағы білім беру процесін нормативтік қамтамасыз ету электронды журнал білім беру процесін соның негізде жүзеге асырылуда: „Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған электронды журналдар мен күнделіктердің біріңғай ақпараттық жүйесі" жобасын пилоттық енгізу туралы. Жүйеде білім беру ұйымдарының жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің № 536 бұйрығымен жүргізіліп келеді.
Электронды күнделік жүйесінде 2022-2023 оқу жылында мектебімізде сыныппен бастадық. Сабақ кестесі электронды журналға енгізілді. Сынып жетекшілер оқушылардың жеке мәліметтерін (оқушының аты - жөні, туған жылы, күні, айы, электронды поштасы, мекен-жайы, ұялы телефоны, алфавиттік нөмірі, туысқаны тіркелді. Ата-анасының ұялы нөмірі, медицинальық көрсетілім беті. толық толты-
ры...

Ата-аналарға, оқушыларға логин-пароль-ды толтырып таратылды. Мұғалімдерге күнделіктің жүргізілуі туралы нұсқаулық таныстырылып, қол қойдыр. Күнделікте өзгеріс болған сайын мұғалімдерге дер кезінде хабар беріп отыратындығын айтып өтті.

Сабақ барысы бойынша, ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер арасында кері байланыс жүргізіліп отыруға керектігі аталып кетті.

БЖБ, ТЖБ жүргізу барысында, күнделік жүйесінде алдын-ала түрлі хабарландырулар жасалынып отырады. ПЖ мұғалімдері КТЖ-ын күнделік жүйесіне енгізді. Мұғалімдер формативті бағалау жүргізіп, БЖБ, ТЖБ жұмыстарын уақытында алып, оқушылармен кері байланыс жасап жүру керектігі ескертілді.

Электронды сынып журналының жүргізілуі, қамтыластырушы және жиынтық бағаның дұрыс қойылуы, түзетілуі, тоқсан бойына оқушылардың сабаққа қатысуы қадағаланатындығын айтылды. Әр тоқсан сайын стандарттың орындалуы қаралды. Мерекелік күндер кіріктіріліп жазылуы байланысты бұйрық шығарылды және екі тақырыпты бір күнге дроб арқылы жасалынатындығы түсіндірілді. ПЖ мұғалімдерінің күнделік жүйесін талапқа сай орындауы үнемі қадағалануда болатындығын айтты.

2. Екінші мәселе бойынша қаңтар айына дейінгі жұмыстарға есеп беріп, бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігінің өткізілуі жайында әдістемелік бірлестік жетекшісі Бердикулова Мапика Смайловна сөз алып, өз баяндамасын бастады. Ол өз баяндамасында жасалған іс-әрекеттер мен жеткен жетістіктері жайлы айтып өтті. Қаңтар айында 2-4 сыныптар арасында білім деңгейлерін анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді. Оған бастауыш сыныптың жетекшілері жауапты болды. Әр бақылау жұмыстарын жүргізіп, оқу техникаларын тексерді, анализ жасап, қорытынды шығарды. Қаңтар айының 19-29 аралығында болып өткен бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігін қорытындылады. Әлірбекова Әдемі Серікбанқызы. Көп таңбалы сандарды көбейту және бөлу тақырыбында математика (сабағынан) пәнінен ашық сабақ өткізді. Бастауыш пәні бірлестігінің мүшесі Дайырова Маржан Жұманазарқызы. Зат есім тақырыбында қазақ тілі пәнінен ашық сабақ өткізд

Өткізілген ашық сабақ барысында мұғалімдер интерактивті тақтаны қолдана отырып, балаларға әр түрлі жаттығулар орындатты.
"Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу" атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында "Кім жылдам" ойыны өткізілді. Онкүндікті қорытындылау үшін акт залында "Білім бастауы - бастауыш" атты қорытынды мерекелік іс-шара болып өтті. Онкүндік барысында үздік болған, жақсы көзге түскен оқушылар марапатталды.
Бұдан бөлек үлгерімі төмен оқушылардың сабақ үлгерімін жақсарту (барысында) мақсатында онкүндік аясында "Мен үшін қызық" атты таңымдық сайыс ұйымдастырылды.
"Инновациялық технологиялардың бастауыш мектептегі білім сапасын арттырудағы маңызы" атты баяндама жасады. Өзінің іс-тәжірибесінде күнделікті сабақтарда қолданылатын әдістерін айтып өтті. Баяндама бойынша сұрақтар қойылып, оны талқылады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Садирова Ұлжалғас Байдуллаевна сөз алып, биылғы оқу жылы барысында мемлекеттік стандарт бойынша аттестаттаудан және қайта аттестаттаудан өтетін мұғалімдер жайлы айтып өтті. Осы үшін қажетті құжаттардың тізімін де көрсетті. 2022-2023 оқу жылында мемлекеттік аттестаттаудан және қайта аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімін жариялады. Ташипова Гулмира Кушановна, Кушкаров Қабылбек Жарылбекұлы сияқты мұғалімдер осы тізім бойынша құжаттарын жинауы тиісті. Мұғалімдердің біліктілік санатының жоғары болғаны және заман талабына сай жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді меңгеруі ордайым сол мұғалімге деген сұраныс пен құрметті арттыратыны сөзсіз екендігін атап өтті. Оқушының мұғалімге қарап бой түзейтінін ескерсек, біз аттестаттаумен қатар мұғалімдік этикаға да баса назар салуымыз тиіс деп өз сөзін түйіндеді. Мектеп директоры Сарманова Асия Анарбекқызы жоғарыда аталған мұғалімдерге жеке-жеке тапсырмалар беріп, сәттілік тіледі. Бүгінгі дәуір - жаңашылдық дәуірі екендігін ұмытпай, болашақ ұрпақтың алар біліміне, тәлім-тәрбиесіне бей-жай қарауға болмайтындығын айтып өтті. Өз сөзін мұғалімнің біліктілігі мен этикасы жоғары болуы, оның ерекшелігі екендігін айтып қорытындылады.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектеп психологы Исахова Жанар Нұридуллақызы сөз алып, „Отбасы тәрбие ісі-қоғам негізінің бастауы" тақырыбында баяндама оқыды. Отбасындағы болып жатқан жағымсыз жағдай баланың психикасына әсер ететіндігін айтты. Басқа өмірді аңсайды, теріс тәрбиеге тез бой алдырып кетуі мүмкіндігін ескертті. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі дегендей, оған қатты мән беру керектігін айтты.

Қабылданған қаулы:

1. „Kundelik.kz" электронды журналының жүргізілу барысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігі қанағаттанарлық дәрежеде өтті деп есептелсін.
3. Мұғалімдерді аттестаттау және қайта аттестаттау үшін жоғарыда аталған мұғалімдер құжаттарын реттеп, осы тізім бекітілсін.
4. Мектептегі құқықбұзушылық бойынша жасалған жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін.

Төрайым А. А. Сарманова

Хатшы А. П. Әбдісадық

2022 - 2023 оқу жылының
директор жанындағы кеңестің
хаттамасы № 6

Күні: 20. 02. 2023.

Қатысқандар: 11
Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде:

1. Ағылшын тілі пәні бірлестігінің онкүндігі.
2. Физика, химия, биология пәндерінің жұмыс жәні өткізілу деңгейі. Зертханалық жұмыстардың жүргізілу барысын бақылау.
3. Бейіндік оқыту профориентация кәсіби бағдар беру.
4. Жасөспірімдерді түрлі кереғар діни ұйымдарының іс-әрекеттерінен қорғау және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары.
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі Абдулдаева Шолпан Сапаровна сөз алып, ағымдағы жылдың 6-15 ақпан аралығында өткен ағылшын тілі пәні бірлестігінің онкүндігі жайлы айтып өтті. Онкүндікті өткізу аясында арнайы жоспар құрылып, бекітілді. Сол жоспарға сай іс-шаралар пән мұғалімдерімен өткізілді. Жеке тоқталатын болсақ ақпанның жетісі күні ағылшын тілі онкүндігінің ашылу салтанаты өткізіліп, „Travel to the country of the English language" атты сонымен тыс шаралармен жалғасын тапты. Шараға 5 а сыныбының оқушылары қатысты. Шараны ағылшын тілі пәні мұғалімі Асан Айсалар Мадиярқызы ұйымдастырды. „Easy English" атты қабырға газеті шығарылып, қоңырау уақытында оқушыларға сөзжұмбақтар шешуге зор мүмкіндіктер жасалды. Онкүндік аясында Куникарова Қанағат Анарбекқызы 7 сынып оқушыларымен „Travel to United Kingdom" атты ашық сабақ өткізді. Оқушылар Ұлыбританияның көрнекті жерлерінен танысып шықты.

„Magic English" атты ағылшын тіліндегі кітаптар бұрышы ұйымдастырылды.

Онкүндік соңында іс-шараларға, сабақтарға қатысқан белсенді оқушылар әр түрлі марапаттар мен сыйлықтарға ие болды. Марапат пен сыйлықтар онкүндіктің қорытынды жабылу салтанатында таратылды.

2. Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Садирова Гүлжазас Байдуллаевна сөз алып, мектептегі химия, биология, физика пәндері бойынша өткізілген сабақтардың деңгейіне тоқталды. Бұл жоба негізінде химия, физика, биология пәндері бойынша инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық қабілеттерін арттыруды көздейді. Зерттеулерге сүйенсек гуманитарлық бағытқа қарағанда жаратылыстану бағытындағы бейіндік пәндерге көбірек грант бөлінеді екен. Демек біздер мектеп қабырғасынан бастап осы физика, химия, биология пәндерін балаларға түсінікті және тиімді етіп үйретуіміз керек. Қазіргі қоғамда оның дамыған ақпараттық мәдениетімен ақпараттық білім беруді ұйымдастыру аса маңызды болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың оқу-танымдық белсенділіктері мен оқуға деген көзқарастары, өз дәрежесінде емес. Осы проблеманы жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы шешуге болады. Аудиовизуалды құралдарды қолдану оқу материалының мазмұнын түсінікті, қызықты етеді:

- Оқу материалдарының түрлі динамикалық суреттермен жан-жақты бірнеше қырынан түсіндірілуі;
- Қарапайым жағдайларда қиындық туғызатын заңдылықтарды көрсетуге болады;
- Күрделі химиялық элементтерді виртуалды лаборатория арқылы көрсетуге болатындығы түсіндірілді.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірнеше мұғалімдер сөз алып, пікір алмасты. Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі - жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ - ұстаздың баға жетпес қазынасы. Бейінді оқыту тұлғалық-бейімделген оқу үрдісін іске асыруға және оқушының арнайы курстарды таңдауы есебінен дербес білім беру траекториясын құру мүмкіндігін кеңейтуге көмектеседі. Негізгі мақсаты: оқушыларға өз болашақтарын жобалау мүмкіндігін беру және таңдап алған кәсіптік мамандығына қажетті ресурстарды қалыптастыру.

Бейінді оқыту оқушылардың қызығушылығын дамытуға, қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына (жаз) жағдай жасайтын. Және олардың кенешекте не болуға тиісті кәсібіне

бейіндеуді қамтамасыз ететін оқыту. Бүгін де жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру көкейкесті мәселе болып отыр. Қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сәйкес оқушының ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде, жаңа жағдайларда қолдану біліктi, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы осы бейіндік оқыту. Ол оқушылардың белгілі бір тобына қатысты даралық тұрғыдан қарауды жүзеге асыруға бағытталған. Әр тоқтағы оқыту үдерісі түрлісе жүреді, білім мазмұнымен ерекшеленеді, онда қандай да бір оқыту әдістерінің, түрлерінің және формаларының басымдық рөлі, оқушылар мен мұғалімнің өзара қарым-қатынас стилі өзгереді. Бейіндік мектептің тиімділігінің негізгі көрсеткіштері оқушының өмірлік жолын жобалауда субъективті қатынасының жоғары сатылығы, таңдаған бейіндік оқытуға өзінің қабілеті мен қажетіне сәйкес қанағаттылығы болады.

Бейіндік оқыту жалпы оқыту процесінің құрылымын, мазмұны мен ұйымдастырылуын өзгерту арқылы оқушылардың қызығушылығын негұрлым толық ескеруге, олардың қабілетін дамытуға, жоғары сынып оқушыларына өздерінің кәсіби қызығушылығы мен оқуын жалғастыруға қатысты ұстанған бағыт-бағдарына сәйкес білім беру үшін жағдай туғызуға мүмкіндік беретін саралау мен даралау құралы болып табылады. Бейіндік оқытуға көшудің көптеген себептері бар.

Бейіндік оқыту үш бағыт шеңберінде: жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, технологиялық бағытта жүзеге асырылады. Бейіндік бағытын ұйымдаған білім беру мазмұны екі бағытта ескере анықталды.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Медетбекова Асем Ақтайқызы сөз алып, қазіргі кездегі түрлі діни ағымдардың шырмауынан қорғау бойынша жасалып жатқан жұмыстар жайлы айтып өтті. Дінді өздерінің саяси мақсаттарына қолданатын экстремистік және террористік ұйымдар мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне және қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа ерекше төндіретін қаупі бар екенін түсіндіру жұмыстары арқылы оқушыларға түсіндіру керектігін тілге тиек етті. Дін мен оның құндылықтары беттерде еткен жаһандану үдерісінде адамзат баласының ... 

сипаты – адамдарға ұстанатын сенімі бойынша өшпенділік пен озбырлықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе күш қолдана отырып мақсұмен байланысты қосып көрсету, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, сеніміне немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдану екені белгілі. Осылардың алдын-алу үшін біз будан да көп жұмыстар атқаруымыз тиістігін айтып өтті.

5. Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша оқушыларға мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене (қатысуларың) қатысу керек екендігін айтып, осы бағытта сынып жетекшілер жұмыс жасау керектігі айтылды. Сонымтаға оқушылардың мектепте өз-өзін ұстауы, мұғалімдерді сыйлауы, белсенді болуы керектігін тілге тиек етті. Басқа сынып оқушыларымен де тату болып, олармен етене араласуға, дос болуға шақырды. Соңында төмендегідей қаулы қабылданды.

Қабылданған қаулы:

1. Ағылшын тілі пәні бірлестігінің онкүндігі қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін
2. Физика, химия, биология пәндерінің жұмыс деңгейі қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.
3. Бейіндік оқыту бойынша атқарылған жұмыстар жіті бақылансын.
4. Түрлі кереғар діни ағымдардың іс-әрекеттерінен қорғау мақсатында атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.
5. Оқушылардың қоғамдық шараларға қатысуын қадағалау сынып жетекшілеріне тапсырылсын.

Төрайым А.А. Сарманова

Хатшы А.Б. Әбдісадық.

2022 - 2023 оқу жылындағы
директор жанындағы кеңестің
хаттамасы № 7.

Күні 17.03.2023

Қатысқандар: 12
Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде:

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының жүйесінің тиімділігі.
2. Эстетика апталығы
3. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу
4. Үйірме жұмыстарының жүргізілу барысы
5. "Адал ұрпақ" клубы жұмыстарының жүргізілу барысы.
6. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Медетбекова Әсем Ақтайқызы сөз алып, салауатты өмір салтын ұстану керектігі жайлы айтып өтті. Бүгінгі таңда салауатты өмір салтының нақты анықтамасы жоқ. Әйткенмен салауатты өмір салтына иммунитеттің жоғарылауына бағытталған өмір салтын, аурудың алдын-алуды, денсаулықты нығайтуды жатқызуға болатындығын айтты. Соңғы жылдары салауатты өмір салтын ұстану өзекті мәселеге айналғандығын түсіндіріп өтті. Оған себеп халықтың жаппай қалалы жерлерге ығысуы, экология зардаптары, техниканың қарқынды дамуы адамның аз қозғалуына ықпал ететіндігін тілге тиек етті. Аталмыш факторлар адам ағзасына күннен-күнге кері әсер ететіндігін де айтып өтті. Денсаулық сақтау және мемлекеттік құрылымдар салауатты өмір салтын белсенді түрде насихаттауда, алайда бұл бағытта нәтижеге толыққанды қол жетпей жатыр. Себебі салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін әр адамның өз қызығушылығы болуы тиіс, сондай-ақ оны материалдық әрі әлеуметтік тұрғыдан іске асыру үшін мүмкіндік қажет. Кез келген өмір салты белгілі бір принциптерге негізделген. Бұл әр адамның биологиялық және әлеуметтік прин-

2022-2023 оқу жылындағы директор жанындағы кеңестің хаттамасы № 7.

Күні: 17.03.2023

Қатысқандар: 12
Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде:

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының жүйесінің тиімділігі.
2. Эстетика апталығы
3. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу
4. Үйірме жұмыстарының жүргізілу барысы
5. "Адал ұрпақ" клубы жұмыстарының жүргізілу барысы.
6. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Медетбекова Әсем Ақтайқызы сөз алып, салауатты өмір салтын ұстану керектігі жайлы айтып өтті. Бүгінгі таңда салауатты өмір салтының нақты анықтамасы жоқ. Әйткенмен салауатты өмір салтына иммунитеттің жоғарылауына бағытталған өмір салтын, аурудың алдын-алуды, денсаулықты нығайтуды жатқызуға болатындығын айтты. Соңғы жылдары салауатты өмір салтын ұстану өзекті мәселеге айналғандығын түсіндіріп өтті. Оған себеп халықтың жаппай қалалы жерлерге көшуі, экология зардаптары, техниканың қурт дамуы адамның аз қозғалуына ықпал ететіндігін тілге тиек етті. Ал аталмыш факторлар адам ағзасына күннен-күнге кері әсер ететіндігін де айтып өтті. Денсаулық сақтау және мемлекеттік құрылымдар салауатты өмір салтын белсенді түрде насихаттауда, алайда бұл бағытта нәтижеге толыққанды қол жетпей жатыр. Себебі салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін әр адамның өз қызығушылығы болуы тиіс, сондай-ақ оны материалдық әрі әлеуметтік тұрғыдан іске асыру үшін мүмкіндік қажет. Кез келген өмір салты белгілі бір принциптерге негізделген. Бұл әр адамның биологиялық және әлеуметтік прин-

иштеріне сай жүріс-тұрыс ережесіне айналуы тиіс екендігін айтып сөзін қорытындылады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Садирова Үкілтас Байдуллаевна сөз алып, мұғалімдер мен оқушылардың этикасына, эстетикасына тоқталды. Мектебімізде өткен эстетика апталығына қысқа пікір білдірді. Апталық наурыздың оны мен он бесі аралығында жоспарланды. „Ақыл көкке жеткізер, өнер көкке жеткізер" атты апталықтың ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Ашылу салтанатында мектебіміздің оқушылары өз өнерлерін көрсетіп, көпшіліктің ыстық ықыласына ие болды. Наурыздың он бірі күні көркем еңбек пәні бойынша „Ұстаздан шәкірт озар" тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылардың шығармашылық жұмыстары және қалалық, республикалық байқауларға қатысып жүлделі орын алған оқушылардың қолынан шыққан өнер туындылары қойылды. Ұстаздар қауымы ұйымшылдықпен, бірізділікпен жұмыс жасады. Мұғалімдер әрдайым бір-бірімен тәжірибе алмасып тұруы тиіс. Әр мұғалім өз білімін өздері жабдықтап, көрнекі құралдарды өздері жасап, оларды сабақта тиімді пайдалануға тырысуда. Жыл сайын көрнекіліктерді толықтырып, әдістемелік және оқулық бойынша өз білімдерін шыңдап тұрады. „Жарық пен көлеңке" тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Бұл сабақ апталық аяғында ұйымдастырылды. Мұғалім жаңа сабақты түрлі дайын жұмыс үлгілер және натюрморт пастановкасы арқылы түсіндірді. Мұғалімнің шеберлігімен теория практикалық жұмыспен ұштастырылды. Сабақ жоғары деңгейде өтті. Көрнекіліктер көп болды. Мұғалім өз біліктілігін сабақ барысында жақсы көрсете білді. Сабақ жоспарын дұрыс құрып, оқушыларды түгелдей шығармашылық жұмыспен қамти алды.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Медетбекова Әсем Ақтайқызы сөз алып, құқық бұзушылық пен балалардың тәлім-тәрбиесі жайлы айтып өтті. Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басталуымен бірге мектепте бірқатар жұмыстар атқарылды. Оқу жылының басында құқық бұзу-

шылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырады. «Жасөспірім және құқықбұзушылық» тақырыбы бүгінгі күні маңызды болып саналады. Өкінішке орай кейбір жасөспірімдер құқықбұзушылықтың арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру - мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болса, ол міндетті іске асыруға басты мақсат. жасөспірімдерді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінетіндігін айтты. Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды. Құқықтық сауаттылықты арттыру құқықтық тәрбиемен келеді. Мектебімізде «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген тақырыпта құқық қорғау органдары қызметкерлері қатысқан ата-аналар жиналысы жиі ұйымдастырылды.

4. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша үйірмелерге жауапты ұстаздар сөз алып, өз баяндамаларымен бөлісті. Оқу жылының басында оқушылардың өтініштерімен тоғызқұмалақ үйірмесі бір топ болып мектеп директорының бұйрығымен ашылды. Жоспар бойынша өткізілді. Бірінші тоқсанда тоғызқұмалақтың тарихын, тақтасын және жүрістерін меңгерді. Оқушылар арасында тоғызқұмалақтан жарыстар ұйымдастырылды. Екінші тоқсанда жай және табысты жүрістер және тұздық алуды үйренді. Ойында жазып ойнап, жүрістерді есептеуді меңгерді. Үшінші тоқсанда байлап ойнау және айырбасқа шақыруды білді. Төртінші тоқсанда осал отауларға шабуыл жасау және осал отауларды қорғау әдістерін үйренетін болады.

«Сахналық мәдениет» үйірмесі жоспарға бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді. Оқушылар сахна туралы, жалпы мәдениет туралы, өнер туралы мағлұматтар алды. Үйірмеге тілі шешен, өз беттерімен шығарма жазуға өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейне ерекшеліктерін сезініп, ала білетін оқушылар іріктеліп, алынды.

«Жайдарман» үйірмесі бойынша да жоспар бекітіліп, біршама жұмыстар жүргізілді. Оқушылар белсене қатысып, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орната білді. Әр сыныптан бір командадан жасақталып, әзіл мен тапқырлық бойынша сайысқа түсті. Үздік шыққандары келесі турларға жолдама алып, сәттілік пен дайындық жетіспеген оқушылар сайыстан шығып қалды.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша „Адал ұрпақ" клубы жетекшісі Исахова Жанар сөз алып, клуб мақсатымен, атқарылған жұмыстармен көпшілікті таныстырды. Оқушылардың отансүйгіштікке, азаматтыққа, адам құқықтарын құрметтеуге, мәдениеттілікке, еңбексүйгіштікке, оқуға құштарлықты арттыруға деген оймен, мақсатпен ашылған үйірме жоспары бекітіліп, қаралды. „Жемқорлық дегеніміз не?", „Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады?" сынды тақырыптарда әңгіме қозғалып, әр оқушы өз ойларын ашық жеткізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау жұмыстарын жүргізіп мәліметтік мәні бар азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні, құқықтар мен міндеттері жайлы парақшалар таратылды. „Парасатты азамат" бұрышы жабдықталып, онда құнды ақпараттар жинақталды.

6. Күн тәртібіндегі соңғы (мәліметтер) мәселе бойынша сынып жетекшілер сөз алып, оқушылардың киетін формасына тоқталды. Біркелкі мектеп формасын кию арқылы балалар арасындағы араздылықтарды азайтуға болатындығын айтылды. Балаларға шығармашылық еркіндік беріп, қабілеттерін дамыту да керек екендігі айтылды.

Қабылданған қаулы:

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Өткізілген эстетика апталығы қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.
3. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. Үйірме жұмыстарының жүргізілуі қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.
5. „Адал ұрпақ" клубы бойынша жасалған жұмыстар қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.
6. Оқушылардың мектеп формасын сақтауы қадағалансын.

Төрайымы — А.А. Сарманова.

Хатшы — А.Т. Әбдісадық.

2022-2023 оқу жылындағы
директор жанындағы кеңестің
хаттамасы №8

Күні: 25.04.2023

Қатысқандар: 14
Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде:

1. Мұғалімдерді аттестациядан және қайта аттестациядан өткізу қорытындылары.
2. Физика және информатика пәндері бірлестігінің онкүндігі
3. „Дебат", „Жас ұлан", „Жас қыран" ұйымы бойынша атқарылған жұмыстар.
4. Мектеп бітіруші түлектердің психологиялық дайындық жұмыстары, ұсыныстар.
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Садырова Ұлжалғас Байдуллаевна сөз алып, аттестатциядан және қайта аттестатциядан өткен мұғалімдер жайлы айтып өтті. Мектебіміздің педагогикалық қызметкерлерін аттестаттау мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттарына сәйкес өткізілді.

Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасының 19 желтоқсанындағы 2019 жылғы N 539 бұйрығымен педагог қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсету бойынша жұмыс бағыттарының бірі аттестаттау кезеңдерінде психологиялық сүйемелдеу болып табылады. Біліктілік тестілеу білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тестілер бойынша кәсіптік құзыреттік деңгейін анықтауға бағытталған рәсім.

2022-2023 оқу жылында 4 педагог жаңа аттестаттау жүйесіне қатысты. Оның ішінде 3-модератор санатын алып шықты.

Айта кету керек, Тамилова Гулмира Кушановна аттестаттау кезеңінен сапасыз дайындық көрсетіп, тестілеуден өте алмады.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша физика, информатика пәні мұғалімдері сөз алып, өткен онкүндікті қорытындылады. Мектебімізде „Әлемнің ғажайып тіректері" атты (физика) физика, информатика пәндері онкүндігі 3-19 сәуір аралығында өтті. Онкүндікке арналған жоспар құрылып, бекітілді. 3 сәуір күні бейне-таныстырылымен онкүндіктің ашылу салтанаты болып өтті. Мектеп дәлізінде физика, информатика пәндері бойынша көрме ұйымдастырылды.

4 сәуірде 7 „А" сыныбында физика пәнінен „Идеал газ" тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

6 сәуірде 3-4 сынып оқушылары арасында АКТ пәнінен „Озық ойлы, оқушылар" атты сайыс ұйымдастырылып өткізілді. Дарынды, қабілетті оқушылармен жұмыс, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, мақсатында осы сайысты да ұйымдастырды. Аталған сайыста оқушылар сайыстың әрін де, қызықты өтуіне ат салысты. Сайыс қорытындысында „Монитор" тобы жеңімпаз атанып, қалған топтар белсенділік танытқаны үшін марапатталды.

Онкүндік соңында жабылу салтанаты ұйымдастырылды.

Онкүндіктің қорытынды шарасы ретінде „Тәуелсіздік жылдарындағы АКТ-ның дамуы" тақырыбында зерттеу сабағы ұйымдастырылды.

Қорыта айтсақ, онкүндік өз қойған мақсатына жете білді. Пән мұғалімдері әр іс-шараға тыңғылықты дайындалды және де үлкен жауапкершілікпен өткізді. Апта бойы оқушылар жоспардағы іс-шараларға белсене араласты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша дебат жетекшісі Әбдісадық Әбілай Тағайбайұлы сөз алып, атқарылып жатқан істерге тоқталды. Жоспар бойынша клуб мүшелерімен қазан айында „Қазақстанның жастары қоғамдықты патриот" тақырыбында пікірталас өткізілсе, қараша айында „Үш тұғырлы тіл саясатының тиімділігі" тақырыбында үш тілділікті насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

9-қараша күні „Ел тірегі" атты мектепішілік турнирдің ережесі құрылып, „Жас қыран", „Жас ұлан" дебат клубы мүшелеріне турнир мақсаты түсіндірілді.

25-қараша күні „Ел тірегі" тақырыбында мектепішілік дебат турнирі өтті. I кезең және II кезең мектеп акт залында өткізілді.

Қаңтар айының 17 күні „Жас ұлан" дебат клубы мүшелерімен „Жастар сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы" тақырыбында пікірталас өткізілді.
Қаңтар айының 25 күні „Жас ұлан",
„Жас қыран" дебат клубы мүшелерінің арасында
мектепішілік дебат турнирі ұйымдастырылды.
Дебат Американдық форматта, жақтаушы және
даттаушы топтардан құралды. Топта 1 спикер,
1 лидер болды. „Дұрыс тамақтану денсаулық
кепілі" тақырыбы дебат турнирінің негізгі қарары
болды.
10-ақпан күні „Құқықтық білімнің маңызы
зор" тақырыбында дебат өткізіліп, екі позиция-
дан құралған „Жас ұлан", „Жас қыран" топта-
ры өзара сайысқа түсті.

4. Күн тәртібіндегі кезекті мәселе
бойынша мектеп психологы сөз алып,
оқушылардың психологиялық жағдайын
талдады. Мектебімізде биыл 4-сыныпты
4 сынып аяқтап, бастауышпен қоштасатын
болғандықтан, олардың қорытынды тестілеуге
дайындығы, психологиялық тұрақтылығы маңызды
екендігін атап өтті. Егер түлектердің
психологиялық ахуалының жақсы деңгейде болуы
оңды нәтижелер мен нақты мәліметтер беретін
болса, онда қоғамға қажетті актуалды
проблеманы шешудің тиімді жолдарын
қарастыра отырып, түрлі ұсыныстар мен
қорытындылар жасауға болады. Себебі
емтихандар барысында кездестіретін барлық
қиындықтарды шешу жолында зерттеу қорытын-
дысына сүйенетін болсақ, емтихандар
соңында жоғары жағынды көрсеткішке
жетуге болатын еді. Қазіргі кезден бастап
балаға қажетті болашақ мамандығына бағыттал-
ған кәсіби даярлықтың алғышарттары болуы,
үлкен мәселелердің ұтымды шешімін табуға
көмектесетіндігін ескергеніміз жөн болар.
Оқушы болашақ өмірінің маңызын өз
мамандығын дұрыс таңдап, өмірдегі өз орнын
табуда екені айтылды. Сондықтан кішкентай
кезінен бастап оқушыларға бағыт-бағдар
беретін бірнеше үйірмелердің болуы аса
маңызды. Оқушы өз қабілетін сезіп, өз
мүмкіндіктерінің деңгейін білсе, болашақта
ешқандай психологиялық қиындықтарға тап болмай-
тындығы рас. Оқушы өсе келе, ол нақты соңғы
шешімі пісіп жетілгенге дейін бірқатар өзгерістерден
өтеді. Адам баланың нәрестелік шақтан әлеуметтік
(есеи) кемеле дейінгі жолдардан өту барысында
бірнеше өтпелі кезеңдерден өтеді.

5. Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша
сынып жетекшілер сөз алып, оқушылардың
сабаққа қатысу көрсеткішіне тоқталды. Сабаққа
қызығушылығын арттырып, белсенділігін жоғары-

лату мақсатында оқушылармен жеке көп жұмыстар жасау керектігіне тоқталды. Мектеп мұғалімдерінің күнделікті кезекшілік ұйымдастырылып, кезекшілік журналы ашылған. Кезекшілер күн сайын сабақ басталысымен сынып оқушыларын түгендеп, сабаққа келмеген оқушы жайлы сынып жетекшілеріне хабарлайды.

Қабылданған қаулы:

1. Мұғалімдерді аттестациядан және қайта аттестациядан өткізу қорытындысын қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.

2. Физика және информатика пәндері онкүндігі қанағаттанарлық дәрежеде өткізілді деп есептелсін.

3. „Жас ұлан", „Жас қыран" дебат клубтары бойынша атқарылған жұмыстарды қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.

4. Бітіруші түлектердің психологиялық дайындықтары қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.

5. Оқушылардың сабаққа қатысуы жіті қадағалансын.

Төрайым А. А. Сахманова

Хатшы А. Б. Әбдіқадыр

2022 - 2023 оқу жылындағы
директор жанындағы кеңестің
хаттамасы № 9

Күні: 26.05.2023

Қатысқандар: 12
Қатыспағандар: 1.

Күн тәртібінде:

1. Дене шынықтыру және АӘТД пәндері бірлестігінің онкүндігі
2. Әдістемелік жыл қорытындысы
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша дене шынықтыру пәні бірлестігінің жетекшісі Турганбаева Гано Егизбаевна сөз алып, 2022-2023 оқу жылының наурыз айының 8-15 аралығында өткен іс-шаралар жайында айтып өтті. Салауатты өмір салтын сақтап, спортқа қызығушылықты арттыру мақсатында өткізілген бұл онкүндік „Дені саудың - жаны сау" атты ұранмен бастау алды. Бірінші кезекте оқушыларды шымыр болып, дені сау болуға тәрбиелейтін пәннің балаларға қызықты да тартысты өтетіндігі маңызды екенін тілге тиек етті. Онкүндіктің алғашқы күнінде дене шынықтыру пәні мұғалімі Мамасеитов Асылбек Абаевич „Доппен қозғалмалы ойындар" тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында оқушылар төрт топқа бөлініп, доп арқылы жасалатын жаттығулар мен ойындарды ойнады. Онкүндіктің келесі күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Алтыбай Бекзат Досжанұлы „Негізгі қабылдау тактикасын үйрету" тақырыбында түсіндірме сабақ жүргізді. Футбол ойынынан сыныптар арасында мектепішілік сайыс ұйымдастырылды. Онкүндік аясында шахмат ойынынан турнир өткізілді. Зеректілік пен логикалық ойлануды талап ететін бұл ойын нәтижесінде үздік шыққан оқушылар қалалық сайыстарға жолдама алды.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Кушкаров Қабылбек Жарқынбекұлы ұйымдастырған тоғызқұмалақ бойынша мектепішілік турнир өткізілді.

Үстел теннисі бойынша да сайыстар өткізілді. Жылдамдығы мен қабілеттілігінің арқасында үздік деп танылған оқушылар

мақтау қағаздарына ие болды. Онкүндік соңында Квест ойыны бойынша сайыстар ұйымдастырылды. Сайыста оқушыларға сұрақтар мен кедергілер қойылды. Ең жылдам болып жолды жүріп өткен топқа сыйлық тапсырылып, марапатқа ие болды.

Онкүндіктің қорытынды жабылу салтанатында спорттық жетістікке ие оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, Он күндікте белсенді болған оқушылар марапатталды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілері сөз алып, қорытындылады. Бәсекеге қабілетті білім беруде ұстаздардың жаңалыққа ұмтылуы, оқытудың жаңа технологияларын іс-тәжірибеде кең қолдануға бет бұруы және жауапкершілікті сезінуден туындайтындығын айтып өтті.

Гуманитарлық пәндер бірлестігінде 10 оқытушы жұмыс жасайды. Оқытушылардың 2-еуі I санатты. Бірлестік оқу жылы көлемінде „Сабақта оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешу, өзіне-өзі талдау жасаудың тиімді жолдарын қалыптастыру" атты өзекті тақырып бойынша жұмыстар атқарылды. Бірлестік „Қазақстан Республикасының білім туралы Заңына" сәйкес мектептің өзекті мәселелерін басшылыққа ала отырып, (бл) міндеттер белгіледі.

Гуманитарлық пәндер бірлестігі 2022-2023 оқу жылында жоғарыдағы проблемалық тақырып бойынша жұмыс жасады. Бірлестіктің 4 мәжілісі болып өтті. Осы отырыстарда әр түрлі тақырыптар қозғалып, баяндамалар тыңдалды.

Жаратылыстану пәндер бірлестігі жоспар бойынша оқу жылының басынан бері көптеген іс-шаралар ұйымдастырып, оқытушылардың тәжірибе алмасуына жағдай жасады. п Әлем математикамен бірге тақырыбында тәжірибе алмасу сабағы ұйымдастырылды. Сәуір айында Қазақстан өткізілген халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған байқауға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетілді.

Оқытушылар тәжірибе алмасу мақсатында қалалық семинарларға қатысты. П/Ж оқытушыларының өткізген ашық сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстары баспасөз беттерінде жарияланды.

Барлық бірлестіктер бойынша I-II-жарты жылдық, жылдық қорытындысы шықты. Оқушылардың білім сапасы деңгейі мынадай:

- Алдағы оқу жылына оқушылардың шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру, оқытудың

белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану мәселесі бойынша міндеттер қою арқылы шешеміз.

3. Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша сынып жетекшілер сөз алып, оқу жылының жалпылама қорытындылары туралы айтып өтті. Оқу жылының қорытындысы бойынша 1-сыныптарға баға қойылмайды. 2-4-сыныптар үлгерімі жағынан әр түрлі көрсеткіштерге ие болды. Жақсы, үздік көрсеткішке ие болған оқушыларға мақтау қағаздары таратылып, қанағаттанарлық дәрежеде оқыған оқушылармен қосымша сабақтардың өткізілу тиістігі анықталды. Оқу жылында бірнеше пәндер бойынша онкүндіктер өткізіліп тұрды. Қорытынды бағалар өз уақытымен, ережеге сай қойылуы бақылауға алынатындығы айтылды.

Қабылданған қаулы:

1. Дене шынықтыру пәндері бірлестігінің онкүндігі қанағаттанарлық дәрежеде өткізілді деп есептелсін.
2. Әдістемелік бірлестіктің жыл бойында жасаған жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде деп есептелсін.
3. Оқушылардың жылдық қорытындыларының уақытылы, дұрыс қойылуы қадағалансын.

Төрайым — А.А. Сарманова

Хатшы — А.П. Әбдісадық